

Қызылорда облыстық мәслихатының 2020 жылғы 21 қазандағы № 474 " Қызылорда облысы азаматтарының жекелеген санаттарына амбулаториялық емдеу кезінде тегін шарттармен тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін, оның ішінде дәрілік заттарды, арнайы емдік өнімдерді, медициналық бұйымдарды қосымша беру туралы" шешіміне өзгеріс пен толықтыру енгізу туралы

Күшін жойған

Қызылорда облыстық мәслихатының 2022 жылғы 12 қазандағы № 141 шешімі. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 19 қазанда № 30228 болып тіркелді. Күші жойылды - Қызылорда облыстық мәслихатының 2024 жылғы 23 қазандағы № 120 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қызылорда облыстық мәслихатының 23.10.2024 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) № 120 шешімімен.

Қызылорда облыстық мәслихаты ШЕШТІ:

1. Қызылорда облыстық мәслихатының "Қызылорда облысы азаматтарының жекелеген санаттарына амбулаториялық емдеу кезінде тегін шарттармен тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін, оның ішінде дәрілік заттарды, арнайы емдік өнімдерді, медициналық бұйымдарды қосымша беру туралы" 2020 жылғы 21 қазандағы № 474 (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 7771 болып тіркелген) шешіміне келесідей өзгеріс пен толықтыру енгізілсін:

аталған шешімнің қосымшасының 12 қатары жаңа редакцияда жазылсын:

12	Көптік миелома	Диспансерлік есепте тұрған барлық санаттар	Патогенетикалық, Өмір сапасын жақсартады және өмір сүру ұзақтығын ұзартады	- Даратумумаб инфузиялық ерітіндіні дайындайтын концентрат; - Иксазомиб капсула; - Помалидомид капсула.
----	----------------	--	--	---

аталған шешімнің қосымшасы 28 қатарымен толықтырылсын:

28	Біріншілік остеопороз	Диспансерлік есепте тұрған барлық санаттар	Өмір сапасын жақсартады және өмір сүру ұзақтығын ұзартады	- Терипаратид тері астына енгізуге арналған ерітінді Шприц-ручка
----	-----------------------	--	---	--

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қызылорда облыстық мәслихатының хатшысы

Н. Байкадамов

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК